

Янчук В.А., Ахтаева Н.С.,
Тастанова А.А.

Ілкі нанымдар нақты тұлғааралық қарым- қатынастың реттеушісі

Yanchuk V.A., Ahtaeva N.S.,
Tastanova A.A.
**Social prejudices as regulators
of specific interpersonal
relationships**

Янчук В.А., Ахтаева Н.С.,
Тастанова А.А.
**Социальные преубеждения
как регуляторы конкретных
межличностных отношений**

Бұл мақалада маңызды орын алатыны – стигматизация түсінігі. Біздің көбімізге әдеттен тыс және моралдік таза емес құбылыс – басқа адам тұлғасын қорлау, мазақтау, келемеждеумен кездесуге тура келеді. Бұл құбылыс көбінесе ол үшін барынша қасіретті зардаптарға соқтыруы мүмкін. Құбылыстың әдеттен тыс екендігі, оған деген бейімдік қатынас қандай негізде туындайтыны белгісіздігімен байланысты. Келемежденетін күшті және әлсіз, сырттай тартымды және тартымсыз, қабілетті және қабілетсіз, т.с.с. болуы мүмкін. Келемеждеуші де біртекті емес. Олар сырттай интеллигент адамдар және айқын арамзалар, күштілер және әлсіздер, үздіктер және үлгірмеушілер болуы мүмкін. Айналадағылардың да әсері әдеттен тыс – ол не басқа тұлғаны қорлау актісін байқамайды, не кейде айдап салуға қатысады. Бұл біртүрлі құбылыс, жұмбақ термин – стигматизациямен белгіленеді. Оның ерекшеліктерімен мақалада танысып көруге болады. Жұмыста кең орын алып отырған келесі әлеуметтік ілкі нанымдар әсерлері: өзін бағалаудың төмендеуі, сәтсіздіктер және келтірілген шығын, депрессия, үнжұрғасыздық, қосалқы (екінші) пайданың болуы, айналадағы әлемге бақылау сезімінің төмендеуі, жаттанды жәрдемсіздік, пессимистік атрибутивтік стиль, жетістіктердің төмен деңгейі, қосалқы (екінші) девиация, тілдесуге арналған салдар. Әлеуметтік ілкі нанымдардың келтірілген кері әсерлері, олардың алдын алу немесе жеңу жолдары туралы психолог-практиктердің алдына мәселе қояды.

Түйін сөздер: стигматизация, дискриминация, сексизм, расизм, эйджизм, токенизм немесе символикалық қайырымдылық, пессимистік атрибутивтік стиль, қосалқы (екінші) девиация.

The article examines social prejudice as a concept referring to the characterization of intergroup relations; is relevant to a particular social group, as well as to the individual subject to its identification with the group. Being an intergroup phenomenon, prejudices manifest in interpersonal relations. Prejudice extends to other contexts. For example, the bias against advertising, products of national or foreign production, tabloids, Brazilian soap operas. The paper also describes the content of «discrimination» which is close in meaning to the concept of bias (negative attitude to anything and anyone); depending on the display area there are singled out some prejudices such as racial, ethnic, gender, religious, age bias, prejudice against sexual minorities, alcoholics, drug addicts, criminals, thick or thin, etc. They shall serve as justification indiscretions of person or group and rationalization of their negative feelings. The following theoretical approaches to prejudice consideration are presented: socio-biological approach, psychoanalytic approach, neobehaviourist approach, stigmatization approach, approach of intergroup conflicts, cognitive approach, activity approach, the approach of social influence, discursive approach. Stigmatizers feel hostility and antipathy to their potential victim. Among the characteristics causing hostility and antipathy, various authors also selected: similarity to a frustrator, difference from the majority, provocative behavior, irritability, increased uneasiness, aspiration to show the superiority, luck, boastfulness, rejection of social norms, neglecting general rules, indiscipline, aggression, expression of dissatisfaction with the group and a position in it, morbidity and weakness, sense of guilt, low level of self-esteem, uncommunicativeness and also existence of some physical defect, a mental disorder. Represented diversity of theoretical approaches shows, first of all, the complexity of the phenomenon of prejudice and its many aspects, the depth of penetration into the consciousness of people and their inculcation in memory. All these prejudices act as rigid attitudes of bias. The development person's critical thinking and reflexive culture can lead to decreasing in his bias. Overcoming of a reproduction, mechanicalness, unilateral, prejudiced vision of a situation, an exit out of limits of thinking existing schemes and models of activity is prerequisites of success of decrease in bias.

Key words: social prejudice, neobehaviourist approach, approach of stigmatization, approach of intergroup conflicts, cognitive approach, activity approach, the approach of social influence, discursive approach.

В работе рассматриваются такие формы проявления преубеждений, как сексизм, расизм, эйджизм, токенизм или символическая благотворительность. Большое внимание уделяется крайне необычному и морально нечистоплотному явлению – стигматизации (глушению, третированию, издевательствам над личностью другого человека). Значительное место в статье занимают следующие эффекты преубеждений: снижение самооценки, неудачи и понесенный ущерб, формирование негативной социальной идентичности, депрессия, подавленность, снижение чувства контроля над окружающим миром, наученная беспомощность, пессимистический атрибутивный стиль, наличие второй выгоды, низкий уровень достижений, вторичная девиация, последствия для общения. Все эти преубеждения выступают как ригидные установки предвзятости. Соответственно развитие критического мышления и рефлексивной культуры человека может привести к снижению его преубежденности.

Ключевые слова: стигматизация, дискриминация, сексизм, расизм, эйджизм, токенизм или символическая благотворительность, атрибутивный стиль, наученная беспомощность, вторичная девиация.

¹Белоруссия мемлекеттік университеті,
Беларусь Республикасы, Минск қ.

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

³Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*E-mail: nadiyans@mail.ru.

ІЛКІ НАНЫМДАР НАҚТЫ ТҰЛҒААРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ РЕТТЕУШІСІ

Ілкі нанымдардың байқалу формалары

Адамның болмысы барынша жан-жақты және өзінің кез келген әлеуметтік топты жалған наным нысаны ете алатын қабілеттілігінде өзгерімді. Сондай болса да оның қатарына адамның жыныстық, нәсілдік, этникалық, жас ерекшелік, жынысқатынастылық, дене және ой ерекшеліктеріне негізделген жалған наным да кіретін қиын формада ұшырайтын белгілі бір топтар бар.

Жынысқатынастылық (сексизм). Жынысқатынастылықты зерттеу әлеуметтік психология үшін кем дегенде екі аспектіде мәнді:

Олар бізге жалған нанымның әлеуметтік-психологиялық механизмі туралы тұтасымен айтады.

Олар жалған нанымның адам болмысының екі формасына ықпал етуі мүмкін формаларына бағытталған.

Жыныстық стереотиптерді зерттеулер ер адамдарда интеллект пен тәуелсіздік параметрлері бойынша, ал әйелдердің көрсеткіштері – жылылық және көңіл-күйлік көрсеткіштері бойынша жоғары екендігіне сенімді. Бұл нәтижелер кроссмәдени аспектіде – Еуропада, Солтүстік және Оңтүстік Америкада, Австралияда және Таяу Шығыстың кейбір өңірлерінде айқын болып шықты. Бұл келісілген әлеуметтік стереотиптер. Мұндай стереотиптерді білу әртүрлі топтарды міндетті түрде сипаттауды білдірмейді. Білімдер мен ұғынулардың нақты сәйкестігі тек жалған нанымдары айқын адамдарда ғана болады. Ерлер мен әйелдер түрлі айырмашылықтармен қатар, едәуір ұқсастықтарға да ие болатыны барынша айқын.

Әрине, интеллекті, тәуелсіздік, жылулық пен көңіл-күйлік күйзелістерді өлшеу адами болмыстың мәнді атрибуттары болып табылады. Егер де олар абсолютті шынайы болса, онда жыныстар арасындағы өзара қарым-қатынаста проблема барынша аз болар еді. Дегенмен де зерттеулер әйелдер туралы стереотиптер ерлердікімен салыстырғанда едәуір құндылықты екендігін көрсетеді. Қалайша жыныстық стереотиптер тұлға мен мінез-құлық ерекшеліктерін дәл көрсете алады? Әрине, көптеген зерттеулердің нәтижелері көрсеткендей, айырмашылықтар бар. Бірақ, әлеуметтік-психологиялық зерттеулер бұл

нәтижелердің жоғары шынайылық дәрежеге ие емес екендігін де көрсетеді. Басқаша айтқанда, бұл олардың иесі не ер, не әйел екендігін түбегейлі куәландыра алмайды. Мысалы, ерлер мен әйелдерді, әскерилер мен басқарушыларға үміткерлерді зерттеулер олардың арасындағы айырмашылықтың өте шамалы екендігін көрсетті. Ол аз десек, әйел үміткерлер көптеген параметрлер бойынша өздерінің еркек әріптестерінен артық болды. Жалпы алғанда, жыныстық стереотиптер үлкен дәрежеде аңыз болып табылатындығын айтуға болады.

Бірақ, айқын көрінетін жыныстық еңбек бөлінісі бар екендігі де айқын. Даяшылардың, сатушылардың, хатшылардың, телефоншылардың, медперсоналдың және т.с.с. көпшілігі – әйелдер, ал құқық танушылардың, инженерлердің, әскерилердің, жетекшілердің және т.с.с. – ер адамдар. Еңбектің мұндай жасанды бөлінісі әйел және ерлер еңбегі деген атау алды. Жыныстар арасындағы топаралық қатынастарды кез келген талдау кезінде ер адамдар әртүрлі әлеуметтік-саяси себептерге байланысты әйелдермен салыстырғанда үлкен билікке ие екендігін ұмытпағанымыз жөн. Бұл талдау, әлеуметтік ұқсастық теориясы тұрғысынан, бұл бөлініс ерлер мен әйелдердің әлеуметтік идентификаторларындағы айырмашылыққа алып келетінін айтады. Әйелдердің қоғамдағы белгілі бір мәртебелі тұғырларға жетуі, олардың потенциалды кәсіби құзыреттілігіне қатысты әлеуметтік стереотиптердің болуына байланысты өте қиын екендігіне таңдануға болмайды.

Гендерлік стереотиптердің жанұяда қалыптаса бастайтынына қарамастан, олар нақтысында мектепте легитимденеді. Мектепке келу гендерлік ұқсастықтың дамуы мен аттитюдтердің гендерлік рөлдерге қатысты интернализациялануындағы шекті нүкте болып табылады.

Бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) дәстүрлі жыныстық стереотиптерді беру мен сақтаудың ең қуатты саймандарының бірі болып табылады. Әртүрлі көбіктік операларда, ток-шоуларда, т.с.с. ұсынылатын әйелдер мен ерлердің сол бір эталондары бәрімізге жақсы белгілі. Бұл образдардың кумулятивтік күші артық бағаланбауға тиіс екендігіне қарамастан, гендерлік рөлдерді танудың әлдеқайда ашық формалары бар. Арчер (Archer) өзінің әріптестерімен бірге әйелдердің өз денесіне және оны көрсетуге үлкен назар аударуға бейімдігін сипаттау үшін арнайы «фейсизм» (fase-ism) ұғымын енгізді. Олар ерлер мен әйелдердің осы тұжырымды растайтын бейнелік образдарының

(газет пен журналдардағы фотолар және студенттердің суреттерінің) үлкен санын талдаудан өткізді. Мысал үшін қандай да бір телесұхбатты мұқият қарап шығыңыз және ерлер мен әйелдер сұхбат бергенде оператордың телекамерасы неге бағытталғанына назар аударыңыз.

Зерттеулерде жынысқатынастылықтың әртүрлі формалары сипатталған. Осы тектес мысалдар орыс тіліндегі ерлер тегін білдіретін «адам», «жетекші», «адамзат» және басқа да көптеген ұғымдарды қолдануда ұсынылған. Бұл аспектіге осы маскулиндік дәстүрдің өзгеруіне қол жеткізген феминист әйелдер айрықша назар аударды. Қызығушы оқырман, көптеген ағылшын тілді мәтіндерде жыныстық нақтылау қатысатындығына, талқыланатын мәселеге ерлердің де, әйелдердің де қатынасы бар екендігіне назар аудара алады (мысалы, ер деп жазылса, онда жақшаның ішіне әйел деп, әйел болса, онда керісінше ер деп жазылады). Жынысты анықтау «үй шаруасындағы әйел», «басқарма», т.б. ұғымдарда да орын алады. Бұл өзіміздің дүниетанымымызды анықтайтын тіл арқылы жүретіндіктен, олардың жыныстық стереотиптерді, сөздер мен сөйлемдердің имплициттік мәндерін қоса алғанда таратуының өзгерісі болып табылады. Мысалы, Америкалық психологиялық ассоциацияның талаптары бойынша жарияланымдарда жынысқатынастылық болмауы тиіс.

Атқарылуды бағалау жынысқатынастылық байқалуының көрсеткішті салаларының бірі болып табылады. Ол ерлердің де, әйелдердің де жазба жұмыстарындағы, көркемсурет шығармаларындағы, т.с.с. әртүрлі бағалауларда байқалады. Жынысқатынастылық стереотиптер, мықты кулинарлар мен модельер еркектер деген аңыздағыдай дәл байқалады. Оларда жанама түрде әйелдердің құзыреттілігі еркектерге қарағанда төмендеу деген тұжырым қатысады.

Сондай-ақ, әрекет етушінің жынысына байланысты табыстар мен сәтсіздіктердің себептерін түсіндіруде де айырмашылықтар болатыны айқын. Жалпы алғанда, ерлердің орындауы қабілеттермен атрибутталса, әйелдердің дәл сондай атқаруы сәттілікпен немесе тапсырманың жеңілдігімен атрибутталады. Ерлерге тән типтік әрекеттерде (мысалы, жетекші постқа тағайындалу) табысқа жетіп жүрген әйелдердің еңбегі азырақ немесе еркектердің табысымен салыстырғанда таза әйелдік құралдармен қол жеткізілген ретінде

қарастырылатыны да айқын. Дегенмен де, жыныстық стереотиптік атрибуциялар ерлер мен әйелдерге қатысты әртүрлі бағалауларды шығару ағымын байқатады.

Сонымен қатар, кемсітудің бұл формаларын өлшеу өте қиын болғандықтан, демократиялық елдердегі жыныстарды олардың рөлі мен қоғам өмірінің әртүрлі саласына қосқан үлесін бағалау бойынша теңестірудегі жетістіктер де айқын. Кемсітуді жою жөніндегі белсенді заңнамалық әрекет осының үлгісі болып табылады.

Әлеуметтік-психологиялық зерттеулер осы өзгерістердің белгілі бір тиімділігін тіркейді. Мысалы, әйел-жетекшілерге, әйел-парламентарийлерге, т.б. қатысты айқын өзгерістер болды.

Нәсілшілдік. Нәсілдік немесе этникалық белгілер бойынша дискриминация ең антигумандылықтың бірі болып табылады. Жыныс-қатынастылық жеңуінде бірқатар табыстарға жеткен жынысы бойынша таңдауға қатысты сақталынған практикаға жауапты болып тұрғанда, геноцид әлі де көптеген ұлтаралық проблемаларды шешуде, мысалы, Камбоджада, Иракта, Оңтүстік Африкада, Югославияда, т.б. елдерде, әмбебап құрал ретінде қалып отыр. Бұл проблема бойынша зерттеулердің көпшілігі Америка Құрама Штаттарында қаранәсілді халыққа қатысты аттитюдтер проблемасы бойынша жүргізілді. Дәл осы зерттеулер соңғы жылдары осы аттитюдтердің түбегейлі өзгерістерін бейнелейді. Дегенмен нәсілдік жалған наным әлі де бар және оның түбегейлі өзгеруінің қандай да бір келешегі көрінбейді. Ол посткеңестік кеңістікке де тән. Ең кем дегенде, Батыс халқының едәуір бөлігінде «кавказдық ұлт» деп аталатын тұлғаларға қатысты айқын байқалатын жалған наным бар.

Бүгінгі күні, байқалып отырған оң ағымдарға қарамастан, нәсілшілдіктің күні өтті деп айтуға болмайды. Әрине, нәсілшілдік көзқарастар әлдеқайда жасырын бола түсті, бірақ олардың байқалу мысалдары барынша жеткілікті. Мысал үшін күнделікті беріліп отырған бұқаралық ақпарат құралдарын қарауға болады. Мысалы, нәсілшілдік көзқарастар әлеуметтік арақашықтықты сақтаудан (мысалы, үйленуден, жұмысқа қабылдаудан, мектепті таңдаудан, т.с.с.) байқалады.

Жалған наным, бағаланатын адамдардың нәсілдік тиесілігін лездік тіркеу кезінде байқалатын автоматтандырылған сезіну кезінде де байқалуы мүмкін. Қаранәсілділерге қатысты теріс сезімдерде байқалатын символикалық нәсілшілдік, т.с.с. туралы да айтуға болады.

Ең соңында, соңғы зерттеулер нәсілшілдіктің өзгеруі мүмкін екендігін, оның күнделікті өмірде өзіміз қолданып жүрген сөздерімізге еніп кеткендігін көрсетеді. Осы тектес символикалық нәсілшілдіктің мысалдары Т. ван Дейктің жұмыстарында (1989) кеңінен ұсынылған. Біздің көпшілігіміз нәсілшілдік стереотиптер туралы хабардармыз, бұл оларды автоматтандырылған түрде қолданылуымен ілесіп жүреді.

Қорыта келе, ашық нәсілшілдік пен нәсілдік жалған нанымдар моральдік сыналып жатқанына және адамдардың көпшілігі тиісті түрде әрекет ететініне қарамастан, олардан құтылу қарапайым көрінгенімен қиын екендігін атап өткен жөн. Нәсілшілдік микробы әлі де бар және ол көптеген салада байқалуы мүмкін.

Эйджизм. Көптеген, әсіресе үлкен жанұялар сақталатын мәдениеттерде, қарттар ақылды ұстаздар мен жетекшілер ретінде сыйланады. Шағын жанұялар басым көптеген басқа елдерде, бұл дәстүр сипатсыз бола түсуде және кәрілік кері әсер туғыза бастайды. Бұл елдерде жастық көбірек бағаланады, ал ересек жастағы адамдар кері (негативті) стереотиптер туғызады. Және қоғамның жүк түсіруші мен әлсіз мүшелері ретінде бағаланады. Олар көптеген әлеуметтік құқықтардан айрылады және олардың арнайы қажеттіліктері жоққа шығарылады. Әлеуметтік психологтар, эйджизм құбылысын жүйелі зерттеуді бастап, бұл проблемаға тек жақында ғана назар аударды.

Токенизм немесе символикалық қайырымдылық. Токенизм (ағылш. token – символикалық, сияқты) символикалық қайырымдылық актілерін жасауды немесе азшылық топтар (этникалық, әйелдер, кедейлер, т.с.с.) мүшелеріне қатысты садақа берулерді білдіреді. Нәтижесінде мұндай символикалық қайырымдылық әрекеттер әлдеқайда айқын және әлдеқайда мәнді позитивті әрекеттердің байқалу ықтималдығын төмендетудің өзіндік белгісі ретінде немесе әрі қарайғы «Мені мазалама. Саған жасаған жақсылығым аз ба?» деген сияқты кемсіту ретінде болады. Розенфилдтің (Rosenfield, 1982) зерттеуінде ұсынылған, ақтардың қара нәсілді америкалықтармен өзара қарым-қатынас жағдайы, қара нәсілдіге қатысты символикалық қайырымдылық жасаған ақ америкалықтар осы этникалық топтың таныс емес басқа өкілдеріне қатысты қандай да бір позитивті әрекет жасағысы келмейтіні сипатталатын жағдай осының мысалы болып табылады. Оның үстіне, бұл әсер қара нәсілді америкалықтарға қатысты теріс стереотиптерде, мысалы оларды қара

нәсілді қайыршыларға (кедейлерге) ұқсатуды белсенділендірді.

Токенизм немесе символикалық қайырымдылықты, садақа беруді жалпы ұйымдар мен қоғамдар пайдалануы мүмкін. Америка Құрама Штаттарында, мысалы, ұйымдардың азшылық (қара нәсілділер, әйелдер, испан тілділер) өкілдерін жұмысқа символикалық тартуы, кейінірек олардың түбегейлі тең құқықтығына қатысты ештеңе істемейтіні сынға алынады. Мұндай ұйымдар азшылықты жалған нанымдардағы мүмкін сынаулардан символикалық қорғаныс ретінде қолдануы мүмкін. Токенизм бұл деңгейде осы тектес символ ретінде қолданылатын сол азшылықтардың өзін өзі бағалауы үшін аса зиянды зардаптар беруі мүмкін.

Стигматизация

Біздің көбімізге әдеттен тыс және моралдік таза емес құбылыс – басқа адам тұлғасын қорлау, мазақтау, келемеждеумен кездесуге тура келді. Бұл құбылыс көбінесе ол үшін барынша қасіретті зардаптарға соқтыруы мүмкін. құбылыстың әдеттен тыс екендігі, оған деген бейімдік қатынас қандай негізде туындайтыны белгісіздігімен байланысты. Келемежденетін күшті және әлсіз, сырттай тартымды және тартымсыз, қабілетті және қабілетсіз, т.с.с. болуы мүмкін. Келемеждеуші де біртекті емес. Олар сырттай интеллигент адамдар және айқын арамзалар, күштілер және әлсіздер, үздіктер және үлгірмеушілер болуы мүмкін. Айналадағылардың да әсері әдеттен тыс – ол не басқа тұлғаны қорлау актісін байқамайды, не кейде айдап салуға қатысады. Бұл біртүрлі құбылыс жұмбақ термин – стигматизациямен белгіленеді. Оның ерекшеліктерімен танысып көруге тырысайық.

Ежелгі гректер «стигма» сөзін, өздерінің мақсаты адамдағы, оның әлеуметтік, психологиялық немесе моралдік мәртебесіндегі әдеттен тыс, табиғи емес, ұят, «жаман» бір нәрсені көрсету болған денелік таңбаларды сипаттау үшін қолданды. Олар адамның денесіне күйдіріп немесе тіліп салған белгілер болды, олар осы адамның кім екендігін, ұры, қылмыскер, құл, сатқын болғандығын куәландырды. Бұл өз бетінше «Мына адамнан аулақ жүрген жөн» дегенді білдіретін маскаралық таңбасы болды. Әрі қарайғы Христиандық дәуірде жағдай біршама өзгерді. Мысалы, терідегі бөрткен құдайдың мейірімділігінің байқалуы ретінде

қабылдана бастады. Денедегі «стигматтар» ретіндегі құбылыс туралы еске ала кеткен жөн.

Қазіргі кезде стигма бастапқы мағынасында қолданылады, дегенмен бұл енді адам денесіндегі таңба емес, адамның «ұят» мәртебесін, оның толыққанды еместігін, қауіптілігі, т.с.с. көрсететін кез келген белгі болды.

Стигма (грекше stigma – егу, дақ) – «тиісілген индивидтің әлеуметтік қабылдауына кәдімгідей кері әсер көрсететін кез келген кемшілік немесе дефект немесе қандай да бір белгі» (Шефер, Шледер, 1993, 190 б.). Бұл белгі бізге оны алып жүрушінің рухани бейнесіндегі әдеттен тыс немесе жаман бір нәрсені көруіміз үшін қызмет етеді. Стигма адамды айналасындағылардың көзінше дискредитацияға ұшырататын қандай да бір атрибутты білдіреді, бұл индивидтің қандай да бір «ұят» қасиеті, оның шығындылығы, дефектісі, қалыптан орынсыз ауытқуы. Стигма индивидке кем адам («толық емес адам») мәртебесін береді, оның қабылданбауын немесе, кем дегенде онымен «бірдей дәрежеде» өзара әрекеттесуге дайындықтың жоқтығын туғызады.

Стигматизация, осылайша, өзін алып жүрушіге жалған нанымды қатынас, теріске шығару, қабылдамау, кемсіту, сын айту шақыратын «таңбалау», теріс таңғы (стигма) ілу үдерісі ретінде көрінеді. Таңғыда нысан туралы ең абстрактілі және жалпы ақпарат беріледі, және Г.Олпорттың өте дәл байқағанындай, олар «бізді әлдеқайда нәзік айырмашылықтарды ұмытуға мәжбүрлей отырып, сирена ретінде әрекет етеді».

Стигма, оны алып жүрушімен толыққанды әлеуметтік жанасу және соңғыларының қандай да бір басқа сипаттамаларды иелену мүмкіндігі туралы куәландыратын ақпаратты теріске шығаруға мәжбүрлей отырып, өзіне назар аудартады. Стигманы алып жүрушіге оны кем, қауіпті, есуас, қалыптан тыс, спецификалық, дәстүрден тыс, айрықша, «мұндай емес», «өзге табиғаттағы» адам ретінде шарттандыратын бірқатар басқа кемшіліктер, «дефектілер» таңылады. Бұл, өз кезегінде, стигматизацияланатындармен тең дәрежеде өзара әрекетті жүзеге асыру мүмкіндігін қиындатады немесе тіпті болдырмайды.

Стигма сапа мен стереотип арасындағы қатынастардың айрықша типі ретінде қарастырылады. Стигма қандай да бір ұят сапаны береді, бірақ бұл сапа сипаты олардың өздерімен емес, сол туралы қатынастармен анықталады.

Әлеуметтік дүние алуан түрлі. Әлеуметтік субъектілер мен нысандарды топтарға бөлудің

қоғамда қабылданған тәсілдері, әлеуметтік категоризациялаудың белгіленген тәсілдері бар. Бұл кезде нысандардың осы класы игеруі тиіс, қалыпты және табиғи деп есептелінетін сапалар жиынтығы барынша қатаң анықталған болып табылады. Адамды осы немесе басқа категорияға жатқыза келе, индивид оған осы сипаттамаларды таңады және онымен таныс ретінде, бұл таныстықтың табиғаты туралы ойланбастан, кейбір нормативтік күтілімдер мен оның мінез-құлқына қатысты талаптарға ие бола отырып тілдеседі. Субъект осылайша оның «әлеуметтік ұқсастығын» анықтайды. Осы алдын ала жазылған әлеуметтік ұқсастықты И.Гоффман «виртуалды әлеуметтік ұқсастық» ретінде белгіледі, ал индивид шын мәнінде ие болған сипаттамаларды (әлеуметтік және жеке) автор «шынайы әлеуметтік ұқсастық» ретінде белгіледі. Бөтен адаммен кездескен кезде стигматизация қажетсіз, шекті нұсқаларда, тіпті қауіпті ретінде қабылданатын шынайы және виртуалды ұқсастықтарда орын алады. Басқаша айтқанда, стигматизацияланушы – бұл қандай да бір қатынаста нормативтік талаптар мен күтілімдерге сәйкес келмейтін адам, бұл сәйкессіздік керексіз болып табылады. Стигматизатор санасында ол «тұтас қарапайым адамнан қандай да бір кемшілігі бар (бұзылған) кем адамға айналады» (Майерс, 1998, 60 б.). Бұл аспектіде стигма шынайы және виртуалды әлеуметтік ұқсастықтар сәйкессіздігінің ерекше типі ретінде болады.

Сонымен, стигматизация таңғылар ілетін, индивидті айналасындағылардың көзінше кемсітуге ұшыратудан және олардың тұрақты әлеуметтік оқшаулануы мен өзара әрекетті олармен тең құқылы орындаудың болмауын туғызудан тұратын әлеуметтік-психологиялық құбылыс ретінде болады. Стигма, оны алып жүрушінің толыққанды еместігінің, кемшілігінің, спецификалығының белгісі ретінде қабылданатын қалыптан керексіз ауытқуды куәландырады.

Стигматизациялауға, сондай-ақ стигматизирленгеннің өзіне деген теріс қатынасқа деген әсер етуінің ерекшеліктері де ықпал етуі мүмкін. Біз оның жағдайға деген қорғаныс жауабын оның кемшілігінің айқын байқалуы ретінде қабылдай аламыз.

И.Гоффман өзі және біз қолданатын «стигма» терминологиясының осындай сипаттамаларының үш типін атап көрсетеді:

- физикалық (денелік) дефект;
- еріктің әлсіздігі ретінде қабылданатын мінез кемшілігі;

– ұрпақтан ұрпаққа берілуі мүмкін рулық стигма (нәсіл, ұлт, дінге табыну, т.б.) (Goffman, 1986, 14 б.).

Стигматизация феноменінің, оның спецификасы мен динамикасының табиғаты психологиядағы интеракционистік бағыт шеңберінде әлдеқайда толық талданады, стигматизирлену сапасы мен екінші стигматизация құбылысының қалыптасуын ынталандыратын өзара әрекет ондағы орталық түсіндірмелік категория болып табылады. Символикалық интеракционизм келесідей негізтүзуші идеяларда ұсынылған: индивид пен қоғам бір-бірінен ажырағысыз; индивидтер өздікке ие рефлексивті және интерактивті мағынаны білдіреді; индивидтер қоршаған әлемдегі нысандарға олар ие болған мәндерге сәйкес әсер етеді. Адамның оның айналасындағыларды қалыптастырудағы белсенді рөлін атап көрсете келе, интеракционисттер нысанның мәні өз бетінше нысанның өзінде емес, оған бағытталған мінез-құлықта деген қорытындыға келеді. Г.Беккер ұсынған стигматизация теориясы шеңберінде екінші девиация құбылысы талданады. Мысалы, Г.Беккер ауытқу индивидтің мінез-құлқына басқа адамдар тарапынан белгілі бір әсер етудің нәтижесін білдіреді деп көрсетеді.

Жалған нанымдар әлеуметтік нысандар ие болатын, олармен өзара әрекет осы мәндер негізінде жүзеге асырылатын мәндер жүйесі ретінде болады. Әлеуметтік өзара әрекет үдерісінде әлеуметтік нысанның тасымалдануы жүреді. Сонымен, әлеуметтік нысанның табиғаты адамдарда оған қатынасы бойынша бар жалған нанымдармен құрылуы мүмкін. Р.Мертон «сәуегейліктің өзіндік жеткіліктілігі» терминін ұсынып, адамдардың қоршаған әлем туралы бұрыннан бар болжамдарды (гипотезаларды) растайтын өмірлік жағдайларды жасауға қосқан үлесінің дәрежесін сонымен белгіледі.

Стигматизация таңғы ілу әктісі. Кез келген таңғыда оны тасымалдаушы туралы қарапайымдандырылған, сұлбаланған ақпараттың минималды саны болады. Таңғы өзі атайтын әлеуметтік категорияға қатысты ұстанымды көкейкестілендіреді. Мұның сыртында, таңғы субъектінің басқа сипаттамаларын көлеңкелейді. Осыған байланысты стигма-тизация таңғылар ілу әктісі ретінде жалған нанымдар мен соқыр сенімдердің көкейкестіленуін білдіреді.

Таңғыда минимум ақпарат болады, қашан да жеке пікірге және таңғы берушінің соқыр сенімдеріне негізделеді және көбінесе адамда

теріс көңіл-күйлік әсер туғызуға бағытталған. Таңғы көбінесе ол көрсететін сападан бұрын байқалады. Таңғы ілу адамнан осы таңғыға сәйкес келетін күтілімдер мен соған қатысты мінез-құлықтың белгілі бір желісін жасауға алып келеді. Нәтижесінде өзі реттелетін сәуегейлік орын алады. Адамның басқа адамға немесе адамдар тобына қатысты сенетіні (таңғы) осы сенімді растайтын нақтылықтың қалыптасуына қызмет етеді. Стигматизирленетін туралы жалған наным, теріс түсінік, осылайша оның мінез-құлқында расталу нәтижесін таба алады.

Таңғы нақты дәлелсіз және түсіндірмесіз қабылданады және шын мәнінде адам (таңғы тасушы) қандай екені енді маңызсыз. Таңғыны растайтын кез келген ақпарат қабылданады, ал оған қайшы келетіні жоққа шығарылады. Жалған наным, осылайша, қабылдаудың таңдалымдылығына (адамда ең алдымен барлық жамандар байқалады) және түсіндірменің бір-бүйірлігіне (адамның барлық әрекеті, мінез-құлқы оған деген теріс қатынас призмасы арқылы, ол туралы қалыптасып үлгерген стереотиптік теріс түсініктерге сәйкес көрінеді) алып келеді.

Стигматизация құбылысы, осылайша жалған нанымдармен ажырағысыз байланысқан. Жалған нанымдар стигматизацияның алғышарттары ретінде және оның нәтижесі ретінде болуы, стигматизирленгенге деген рационализация, теріс сезімдер мен теріс мінез-құлықты ақтау мақсатына қызмет етуі мүмкін. Стигматизация «таңбалау», таңғы ілу актісі болса, жалған нанымдар таңғы тасушыға қатысты ұстаным. Осы немесе басқа әлеуметтік ортада таралған жалған нанымдар мен соқыр сенімдер тиісті стигматизирленетін атрибуттар береді.

Белгілі бір адамды стигматизирленуші ретінде таңдау себептері айрықша мәселені ұсынады. Басқа бірінші келетіні – бұл адам нақұрыс мәртебесін алуды шарттандыратын қандай да бір «дефектіге» ие. Бірақ арнайы зерттеулер мәселенің әлдеқайда күрделі, тұлғалық және жағдайлық айнымалылардың күрделенген сабақтастығынан тұратын табиғатын көрсетті.

Стигматизацияның потенциалды құрбанын анықтайтын жетекші фактор ретінде, Дуглас адамның көпшіліктен көрінетін, байқалатын айырмашылығын атап көрсетті (Douglas, 1993, 135 б.). Бұл топ мүшелері ішінен біреуді құрбандық рөліне таңдаудың негізгі тәсілі. Стигматизаторлардың құрбаны оларға ұқсамайтын, барлығы сияқты емес адам болады. Жалпы жеке айырмашылықтар бейімдік қызмет атқа-

рады, топ ресурстарын құрады, оның дамуына ықпал етеді, оның мүмкіндігін кеңейтеді және тереңдетеді, қабылданымды және мәнді бола отырып, топтық міндеттерді шешу мен қойылған мақсаттарға жету кезінде өнімділікті арттырады. Біртектілік пен жекелікті айналадағылар жоғары бағалайды және қолдайды. Бірақ әдеттегі жағдайларда, іс жақсы жүріп жатқанда қабылданымды болған айырмашылық, әсіресе топ өзінің дамуындағы өтпелі кезеңде болса, жедел түрде оның тасымалдаушысына қатысты фрустрилендіргішке, ашуландырғышқа, қолайсыздық туғызғышқа, жалған нанымға, жаулыққа ауыса алады. Стигматизация құрбаны болған адам топтың әрі қарай өмір сүруіне, оның прогресіне, қойылған мақсаттарға жетуіне, егер ол әсіресе топ істеріне аз қатысатын болса, құзыретсіз болып, кедергі келтіруші ретінде қарастырылады. Айырмашылық адамның ең алуан түрлі сипаттамаларына, оның мінез-құлық ерекшеліктеріне жанасуы мүмкін. Ол сыртқы пішінге, жасына, жыныстық, нәсілдік, ұлттық тиесілігіне, діни және басқа да сенімдеріне, әлеуметтік жағдайына, т.с.с. байланысты болуы мүмкін. Бұл жерде стигматизаторларда болатын жалған нанымдар маңыздылығы кем емес рөл атқарады. Айырмашылық адамның теріс (негативті) жақтарын да, мысалы, оның құзыретсіздігін, оң (позитивті) жақтарын да, мысалы, басқалармен салыстырғанда интеллектуалдық дамудың жоғары деңгейін қарастыруы, ашуландырғыш, қолайсыздық және жалған нанымды қатынас туғызушы да болуы мүмкін. Шарасыздық, қатты күйзеліс кезеңдерінде тіпті шаштың түсі де адамның стигматизациялануы үшін алғышарт болуы мүмкін. Стигматизирленушінің стигматизаторлардан айырмашылық дәрежесі соңғыларының мәдениетті адамдарды өздерін этикасыз және өз әріптестеріне қатысты әділетсіз ұстауға мәжбүрлейтін кернеулі күй жиілігінің өзіндік шамасы қызметін атқарады.

Адамды құрбандық (козел отпущения) рөліне таңдауды анықтайтын тағы бір алғышарт ретінде, Фельдман мен Водарски әлеуметтік қайратсыздықты атап көрсетеді. Ол адамның стигматизаторлар үшін төмен мәнділігін, ықпалсыздығын, төменгі мәртебесін, құзыретсіздігін, сондай-ақ төлемге, өзі үшін тұруға, тойтарыс беруге қабілетсіздігін болжамдайды. Өзін жауап беретін агрессивті актілерден қауіпсіздендіру мақсатында құрбандық (козел отпущения) ретінде «кінәсіз нысан» тандалынады деген болжам (гипотеза) бар.

Бірақ әлеуметтік қайратсыздықтың болуы стигматизацияны жүзеге асырудың міндетті шарты болып табылмайды. Құрбандық (козел отпущения) рөліне кейде топтың күшті, билікке ие мүшелері де таңдалынады. Көшбасшы, жетекші стигматизирленген бола алады. Шешімнің бұл типі, егер топ «нашар әрекеттенсе», онда бұл жетекшінің кінәсі деген мәдени моделмен байланысты. Құрбандық (козел отпущения) бола отырып, адам стигматизаторлар үшін құндылық пен мәнділік алатынын атап өткен маңызды, өйткені оларға кінәліліктің қолайсыз сезімінен, жауапкершіліктен арылуға, өкпе-назды шығаруға, т.с.с. мүмкіндік береді. Сондықтан көптеген жағдайларда стигматизаторларда өздеріне құрбандыққа берілген адамды қатар ұстауға деген саналанбаған ұмтылыс орын алады.

Әлеуметтік қайратсыздық әлсіздік индикаторлары ретінде, тәуелсіздік пен тұлғалық күш шамасы болуы мүмкін, үнсіздік пен тілсіздік қолданылатын кезде құрбандықты таңдаудың абсолютті сенімді критерийі болып табылмайды. Берковитц пен Грин «қауіпсіздік» болжамын (гипотезасын) сынға алды. Олар, өз сәтсіздіктері үшін әлсіздерді емес, әлдеқайда күшті және мәнді тұлғаларды кінәлай отырып қолдауға болатын өзін-өзі құрметтеу сезіміне тиіскен кезде ғана фрустрация жауығу шақырады деп есептеді.

Өзінің потенциалды құрбандығына қатысты стигматизаторлар қолайсыздық, антипатия сезінеді. Қолайсыздық шақыратын сипаттамалардың арасынан, әртүрлі авторлар фрустратормен ұқсастықты, көпшіліктен айырмалануды, қоздырушы мінез-құлықты, ашушаңдықты, жоғары мазасыздықты, өзінің басымдығын көрсетуге ұмтылысты, сәттілікті, мақтаншақтықты, әлеуметтік нормаларды қабылдамауды, жалпы ережелерді ескермеуді, тәртіпсіздікті, агрессивтілікті, өз тобына және ондағы өз позициясына қанағаттанбауын білдіруді, науқастық пен әлсіздікті, кінәлік сезімді, өзін құрметтеудің төмен деңгейін, коммуни-кабельсіздікті, сондай-ақ қандай да бір дефекттің, психикалық айнулардың болуын атап көрсетеді. Стигматизаторларға деген антипатия өзара ауысымдық принципін іске қосуы мүмкін, соған сәйкес адамдарға өздері ұнамайтындар ұнамсыз болады. Л.Я. Гозман сыртқы бейненің маңызды рөлін, әдемі емес бала көбінесе «жаман» ретінде қарастырылатынын көрсете келе, атап өтеді. «Әдемі емес немесе қандай да бір дене кемшілігі бар балаға жаман ойлар мен әрекетті жиі таңу кездейсоқ емес» (1988, 11 б.). «Сүйкімді емес»

балалардан нашар мінез-құлықты күтеді. Ересектерден рахым күте отырып, мүмкін бала олардың өзін растайтын сәуегейлігі механизмін ақтай отырып алдынан шығады.

Стигматизацияның маңызды алғышартын стигматизирленетіннің қажеттіліктері құрайды. Олар стигматизация үдерісін күшейтуі мүмкін. Мысалы, құрбандыққа (козел отпущения) берілгеннің рөлін қабылдай отырып, адам қандай да бір басқа тәсілмен қанағаттандыра алмаған назарға деген қажеттілікті қанағаттандырады. Мұнда мынадай принцип жұмыс істейді: мүлде назар болмағанша, осындайдың болғаны жақсы. Goffman көрсеткендей, егер стигматизирленген нәтижесінде, өзінің жағдайын «басқа бір себептермен туындаған сәтсіздікті ақтау» ретінде қолдана отырып екінші ұтыс алатын болса, стигматизация үдерісі күшейеді (1986, 21 б.).

Стигматизирленгеннің өзіне деген теріс қатынасқа әсер ету ерекшелігі де стигматизацияға ықпал етуі мүмкін. И.Гофманның айтуынша, «біз оны жағдайға оның кемшілігінің тікелей көрінуі ретіндегі қорғаныс жауап түрінде қабылдай аламыз» (сонда, 16 б.).

Стигматизация туғызатын сипаттамаларды белгілеу үшін, ол осындай сипаттамалардың үш типін атап көрсете отырып, стигма терминін қолданады:

- физикалық (денелік) дефект;
- мінез кемшілігі (әлсіз жігер, эмоционалдылық, астамшылық, адал еместік, т.с.с.);
- ұрпақтан ұрпаққа берілуі мүмкін рулық стигма (нәсіл, ұлт, дінге табыну, т.б.) (сонда, 14 б.).

И. Гофман, сондай-ақ стигманың (stigma) таралуға деген ағымын көрсетеді, соған байланысты адамдар оны тасымалдаушылармен байланысудан қашады.

Бір топтан екіншісіне ауысу көбінесе стигматизирлену, құрбандыққа (козел отпущения) берілу рөлінен босау проблемасын шешпейді. Бұл бұрынырақ қарастырылған жаттанды жәрдемсіздік феноменінің қалыптасуымен байланысты болуы мүмкін. Көптеген сәтсіздіктермен жолыға отырып, адам болашақ сәтсіздіктерге (бұл жағдайда, айналасындағылардың дұшпандығы) өзіндік алғы дайындығын қалыптастырады, күтілетін тиімділік деңгейін төмендетеді, бұл өз кезегінде оны жаңа сәтсіздіктерге мәжбүрлейді. Ол өзін құрбандық ретінде, бәсең және қуатсыз ұстай бастайды. Жаттанды жәрдемсіздік әділетті дүниеге деген сенімді жоғалтудың бір түрі. Ол пессимистік (депрессиялық) атрибутивтік стилге сәйкес келеді. Қолайсыз болған өткеннің

жаңа жағдайда қайталануын антиципирлей келе, адам айналасындағылардың бейтарап қатынасын барабарлықсыз түсіндіреді және өзіне потенциалды стигматизаторлар назарын

аудары отырып, соншалықты барабарлықсыз әсер етеді. Әлеуметтік жалған нанымдардың келтірілген кері әсерлері олардың алдын алу немесе жеңу жолдары туралы мәселе қояды.

Литература

- 1 Янчук В.А. Введение в социальную психологию: учебное пособие. – Минск, 2010. – С.684-707.
- 2 Ожегов С.И. Словарь русского языка. – 1987. – С.472 .
- 3 Блеквелловская энциклопедия социальной психологии. – 1996. – С. 450.
- 4 Брислин Р., Попков В.В. Типология социальных предубеждений. – 2002. – С. 189-190.
- 5 Росс Л., Нисбетт Р. Человек и ситуация. Уроки социальной психологии. – М.: Аспект Пресс, 2000. – 85 б.
- 6 Ольшанский Д.В. Психология масс. – СПб.: Питер, 2001. – 85 б.
- 7 Агеев В.С. Межгрупповое взаимодействие: социально-психологические проблемы. – М.: Изд-во МГУ, 1990. – С.17-18, 36.
- 8 Кенрик Д., Нейберг С., Чалдини. Социальная психология. Пойми себя, чтобы понять других! (Агрессия, Лидерство. Конфликты. Группы) / Науч. ред. проф. А.Л. Свенцицкий. – СПб.: Прайм-ЕВРОЗНАК, 2002.
- 9 Аронсон Э. Общественное животное. Введение в социальную психологию. – М.: Аспект Пресс, 1999.
- 10 Куницына В.Н., Казаринова Н.В., Погорьша В.М. Межличностное общение. – СПб.: Питер, 2001.
- 11 Пайнс Э., Маслач К. Практикум по социальной психологии. – СПб.: Питер, 2000. – С. 182-199.
- 12 Финзен А. Психоз и стигма. – М.: Алетея, 2001. – С.57.

References

- 1 Janchuk V.A. Vvedenie v social'nuju psihologiju: uchebnoe posobie. – Minsk, 2010. – S.684-707.
- 2 Ozhegov S.I. «Slovar' russkogo jazyka. – 1987. – S.472 .
- 3 Blekvellovskaja jenciklopedija social'noj psihologii. – 1996. – S. 450.
- 4 Brislin R., Popkov V.V. Tipologija social'nyh predubezhdenij. – 2002. – S. 189-190.
- 5 Ross L., Nisbett R. Chelovek i situacija. Uroki social'noj psihologii. – M.: Aspekt Press, 2000. – 85 b.
- 6 Ol'shanskij D.V. Psihologija mass. – SPb.: Piter, 2001. – 85 b.
- 7 Ageev V.S. Mezhrupponoe vzaimodejstvie: social'no-psihologicheskie problemy. – M.: Izd-vo MGU, 1990. – S.17-18, 36.
- 8 Kenrik D., Nejberg S., Chaldini. Social'naja psihologija. Pojmi sebja, chtoby ponjat' drugih! (Agressija, Liderstvo. Konflikty. Gruppy). Nauchnyj redaktor professor A.L. Svencickij. – SPb.: Prajm-EVROZNAK, 2002.
- 9 Aronson Je. Obshhestvennoe zhivotnoe. Vvedenie v social'nuju psihologiju. – M.: Aspekt Press, 1999.
- 10 Kunicyna V.N., Kazarinova N.V., Pogol'sha V.M. Mezhlichnostnoe obshhenie. – SPb.: Piter, 2001.
- 11 Pajns Je., Maslach K. Praktikum po social'noj psihologii. – SPb.: Piter, 2000. – S. 182-199.
- 12 Finzen A. Psihoz i stigma. – M.: Aleteja, 2001. – S.57.